

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Филология факультеті  
Қазақ әдебиеті кафедрасы



**«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ:  
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР»**

Көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

**МАТЕРИАЛДАРЫ**  
14 қараша, 2025 жыл

**Астана, 2025**

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф 72

**Жалпы редакциясын басқарған:**  
Басқарма төрағасы-ректор Е.Сыдықов

**Редакция алқасы:** Ж.Құрманғалиева, А.Бейсенбай, Ж.Аймұхамбет, С.Дүйсенғазы, Г.Сағынадин, С.Жұмағұл (жауапты шығарушы).

**«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР»** көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 14 қараша, 2025 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е.Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025. – 375 б.

ISBN 978-601-385-142-6

Жинақта Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақ әдебиеті кафедрасының ұйымдастырумен көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың 85 жылдығына орай өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары қамтылды. Ғалым зерттеулерінің филология ғылымындағы маңызы, қазіргі фольклортану мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері сараланған ғылыми мақалалар топтастырылды.

Жинақ филология саласының мамандарына, ұлт тілі мен әдебиетінің жанашырларына арналған.

ISBN 978-601-385-142-6

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф72

ISBN 978-601-385-142-6



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025

## МАЗМҰНЫ

<i>Сыдықов Е.</i> Кіріспе сөз .....	3
Құттықтаулар .....	5

### Пленарлық баяндамалар

<i>Абдрахманов С.</i> Сейіт Қасқабасов – фольклортану феномені .....	15
<i>Матыжанов К.</i> Халық мұрасын қастер тұтқан ғұлама .....	31
<i>Омарұлы Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасов және ежелгі шығыс сюжеттерінің трансформациясы .....	39
<i>Қамзабекұлы Д.</i> Алаш қайраткерлері ел әдебиеті туралы .....	44
<i>Metin Ekici.</i> Seit A. Kaskabasov ve türk dünyasi folklor çalışmalarına katkıları .....	55
<i>Құрманәлиев К.</i> Академик Сейіт Қасқабасов: рухани-тілдік құндылық мәселелері .....	61
<i>Fazıl Özdamar.</i> Köroğlu (Goroğlu) destanı araştırmalarında alexander chodzko'nun yeri .....	65
<i>Власова Г.</i> «Золотая жила» С.А. Каскабасова – «Золотой» фонд классической фольклористики .....	72
<i>Пангереев А.</i> Балладалық жыр: зерттеу тәсілдері (академик Сейіт Қасқабасов еңбектері егізінде) .....	77
<i>Сыздықов С.</i> Академик С. Қасқабасов: фольклор мен тарих арақатынасының кейбір мәселелері туралы .....	83
<i>Аймұхамбет Ж.</i> Сейіт Қасқабасов зерттеуіндегі қазақ мифологиясы .....	86
<i>Әбсадық Ә.</i> Ұстаз жолы: ерік-жігер мен парасат бірлігі.....	90

### 1-секция. Академик Сейіт Қасқабасов және қазіргі фольклортану міндеттері

<i>Негимов С.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың ғылыми шығармашылығы ...	97
<i>Еспенбетов А.</i> Ірі оқымысты .....	104
<i>Жұртбай Т.</i> Ағажай .....	109
<i>Тұрысбек Р.</i> Алыптар тоғысы (Академик Сейіт Қасқабасовтың Абай мен Жамбыл жөніндегі зерттеулерінің әдеби-рухани мәні) .....	114
<i>Рахымов Б.</i> Фольклортанушы С. Қасқабасовтың өмірі мен өнегесі .....	126
<i>Дүйсенгазы С.</i> Даналық .....	129
<i>Әуесбаева П.</i> С.А. Қасқабасов және фольклордағы әңгіме жанры .....	133
<i>Жақан Д.</i> Өшпес өнеге.....	138
<i>Рақыш Ж.</i> Сейіт Қасқабасов және ғашықтық жырлар .....	143
<i>Касенов С.</i> Дәстүрлі шешендік сөздердің құрылымдық ерекшеліктері мен қазіргі шешендік дискурс: типологиялық салыстыру .....	147
<i>Қабылов Ә., Шоқай М.</i> Қоғамдық сана және көркем әдебиет .....	152
<i>Набиолла Н.</i> С. Қасқабасов және шетелдегі қазақ мұрасы.....	161

<i>Кокбас Ж., Байжанова Ж., Жукенова Н.</i> Қазақ фольклорының типологиясы мен поэтикасын зерттеу: цифрлық гуманитаристика мүмкіндіктері .....	164
<i>Джубанова Г.</i> Қазақ постфольклорының жанрлық жүйесі және қазіргі зерттеу ұстанымдары.....	172

**2-секция. Сейіт Қасқабасов мұрасы  
және мемлекетшілдік мұрат**

<i>Ибраев Ш.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклортану саласындағы еңбектерінің ғылыми-теориялық және тарихи-мәдени маңызы.....	180
<i>Мустафа Неркиз.</i> Seyit Kaskabasov ve kazak folklorunun metinsel restorasyonu.....	185
<i>Тойшанұлы А.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклор жанрын жүйелеу қағидаттары мен әдістері .....	195
<i>Кривошапова Т.</i> Выдающийся ученый-фольклорист .....	198
<i>Байтанасова Қ.</i> Академик С.Қасқабасов: фольклорлық жанрлардың табиғаты хақында .....	202
<i>Жұмағұл С.</i> Академик С. Қасқабасов және 1960-1980 жылдардағы қазақ фольклористикасы.....	206
<i>Сағынадин Г.</i> Фольклортанудағы ғылыми феномен және жаңа парадигмалар (академик Сейіт Қасқабасовтың әдіснамалық тұжырымдары негізінде).....	221
<i>Қорғанбеков Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың эпостанушылық еңбектері .....	227
<i>Ашенова А.Т.</i> 1920-30 жылдардағы фольклорлық жарияланымдар.....	235
<i>Кемеңгер Қ., Жұмабекқызы А. Н.</i> Ғабдуллиннің «Біздің жігіт» романындағы прототип мәселесі (академик С. Қасқабасов бейнесі негізінде) .....	241
<i>Карипбаев Ж.</i> С.А. Қасқабасов зерттеулеріндегі қазақ мифологиясы .....	245
<i>Алимбаев А.</i> Академик С.А. Қасқабасов: Абай және фольклор .....	251

**3-секция. Сейіт Қасқабасов зерттеулері  
және пәнаралық ықпалдастық**

<i>Жақытов Ж.</i> Қазақ лингвофольклортануы бастауында (академик С.А. Қасқабасов еңбектерінің негізінде) .....	255
<i>Оразбек М.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың ұлттық гуманитарлық ғылымға қосқан үлесі.....	263
<i>Кемеңгер Қ.</i> Ғылымдағы сабақтастық және қазіргі қазақ фольклортануындағы құнды еңбек .....	269
<i>Кадыров Ж., Кадыров А.</i> Әдеби шығармашылық үдеріс: ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеудің маңызы.....	275

<i>Сайфуллаев Б. О‘zbek va qozoq tillari gap strukturasi da frazeologik birliklarning qo‘llanishi (O‘zbekiston mahalliy qozoq adiblari asarlari misolida) .....</i>	278
<i>Жұмаев И.Х. Yusuf Xos Hojibning “Qutadg‘u bilig” dostonida tashbeh she’riy san’ati talqini .....</i>	285
<i>Келгембаева Б. Мекендік аңыздарды мәдени-танымдық туризм саласына пайдаланудың кейбір жолдары .....</i>	291
<i>Мұқатаева Қ. Көрікті ой мен көркем сөздің шебері .....</i>	299
<i>Аликулова Х. О‘zbek va qozoq yor-yorlarining o‘ziga xos janriy xususiyatlari.....</i>	306
<i>Ақтанова А. Абай Құнанбайұлы бейнесінің көркем және деректі кинолоарда сомдалуы.....</i>	310
<i>Абдуллина А. А. Кемелбаева прозасындағы автофикшн элементтері .....</i>	314
<i>Төлеуқоңыр Ж. Қазақ прозасындағы «Әке» концептісінің көркемдік аясы (М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Жетім» әңгімелері негізінде).....</i>	320
<i>Қаратай Б. Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ прозасы (стильдік-көркемдік ерекшеліктері) .....</i>	333
<i>Дәуренбек А. Қазақ фольклорының тарихи сана қалыптастырудағы қызметі: Тұрсын Жұртбайдың ғылыми тұжырымы .....</i>	339
<i>Джаканова Ж. Фольклорлық жанрлар теориясы: баяндау, сюжет және дәстүр сабақтастығы .....</i>	343
<i>Айтуарова Ж. Фольклорлық хикаяның әдеби-көркем интерпретациясы (қазіргі шағын проза негізінде) .....</i>	349
<i>Азотбаева М. Diskursiv shaxsning dialektal ifodalanishi o‘zbek badiiy matnida.....</i>	356
<i>Галымжанова З. М. Мағауиннің «Мен» мемуарлық романындағы фольклорлық элементтер .....</i>	359
<i>Жанпейісова А. Қазақ балалар фольклорының этномәдени тілдік сипаты .....</i>	366

защитили докторские диссертации, он был человеком, преданным науке, посвятившим свою жизнь развитию казахской фольклористике и литературоведению, воспитавшим десятки своих последователей. А если коснуться его личного вклада в науку о фольклоре, то его рукой написаны сотни научных публикаций, в том числе замечательные книги, которые вошли в золотой фонд отечественной науки, так как он был настоящим мастером слова.

В нашей памяти и, конечно же, в наших сердцах он сохранится как человек, чьи личностные качества, равно как и научные труды оказали огромное влияние на формирование молодого поколения, постигающего истоки своей национальной идентичности.

#### Список литературы:

1. Каскабасов С. Герои казахской волшебной сказки / Советская тюркология. 1970, №3.
2. Каскабасов С.А. Казахская волшебная сказка. – Алма-Ата: Наука, 1972. 260 с.
3. Хамраев М. В мире сказки // Вопросы литературы, 1973, № 9.
4. Каскабасов, С.А. Казахская народная проза. – Алма-Ата: Наука, 1984. – 271 с.
5. Каскабасов С.А. Казахская несказочная проза. – Алма-Ата: Наука КазССР, 1990. – 238 с.
6. Каскабасов С.А. Золотая жила. Очерки о фольклоре и духовной культуре Казахстана. – М.: Художественная литература, 2010. – 686 с.
7. The Stories of the Great Steppe. The Anthology of Modern Kazakh Literature. Edited by Dr. Rafis Abasov - New-York: Columbia University: Cognella Academic Publishing, 2013.

### АКАДЕМИК С. ҚАСҚАБАСОВ: ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ЖАНРЛАРДЫҢ ТАБИҒАТЫ ХАҚЫНДА

*Қарлығаш БАЙТАНАСОВА*, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан

В статье анализируются проблемы и специфики фольклорного жанра в исследованиях академика С.Каскабасова.

Ключевые слова: жанр, фольклор, литература, система, анализ.

The article analyzes problems and spetsitfiki folklore genre in the studies academician S.Kaskabasov.

Keywords: genre, literature, system analysis.

Жанр көркем өнердің қай дәуірінде де өміршендігімен өзінің тарихи жағынан беріктігін байқатады. Кей жанрлардың құрылымы ғасырлар бойы өзгермейді. «Жанр» әдебиеттануда екі мағынада қолданылады. Жанр деп бұрыннан әдебиетте «тек» деп аталған эпос, лирика, драманы атау дәстүрге айналған. Жанр ұғымы өзінің әр түрлі түсіндірілімінде негізгі әдіснамалық проблемалар мен қарама-қайшылықтарды шешуге ынталы. Әдеби жанрлар дегеніміз - әдебиеттің тектік түрлерінен бөлініп шыққан шығармалар тобы.

Олардың әрқайсысы тұрақты қасиеттерге ие. Көптеген әдеби жанрлар өзінің бастауын фольклордан алады.

С. Қасқабасов: «Жанр – өнердің, әдебиет пен фольклордың, бір жағынан, жалпы, көп қырлы сипаты (универсалды) категориясы да, екінші жағынан, нақтылы категориясы. Көп қырлы болатыны – онда әр түрлі әдістер мен тәсілдер көрініс табады, ал нақты болатыны – шығарма белгілі бір жанрдың аясында жазылады. Әр жанрдың өзіндік ерекшелігі, заңдары болады. Оларды білмейінше, өнердің, фольклор мен әдебиеттің жалпы сырын түсіну мүмкін емес, сондай-ақ шығарманы дәл танып, терең талдап, әділ бағалау да қиын», - дейді [1,11]. Жанрлар жүйелеу мен топтауға қиындықпен көнеді. Себебі, әрбір көркем мәдениетте жанрлар өзіндік болмысымен ерекшеленеді. Жанрлық белгілер көркем туындының барша қырын ашады. Мәселен, “трагедия” ұғымы белгілі бір эмоциялық көңіл-күйге негізделген драмалық шығармаларға қатыстылықты білдіреді; “повесть” ұғымы әдебиеттің эпикалық тегіне жататын шығармаларды топтастырады. Осы тұрғыдан алғанда оның тарихи жасалуын бірнеше парадигмаларға бөлуге болады. Жанр алдымен өзі әрекет ететін болмыспен тікелей байланысты. Екіншіден, жанр белгілі бір дүниетанымдағы яғни дәстүрлі-жалпы не жеке-авторлық сипаттағы көзқарасты білдіреді. Мұндай түсінік ерте романтизм, романтизм дәуіріндегі әдебиет пен эстетикадан ХХ ғасырдың мифопоэтикасына ауысты. Үшіншіден, Аристотель мен Шиллерге дейінгі трагедия теориясы негізінде көркем туындының ерекше құрылымдық аспектісі туралы мағлұмат қалыптасты. Бұл концепцияға Фр.Ницшенің “Рождение трагедии из духа музыки” эссесі жаңа, өзекті мән үстеді. Әдебиеттің тегі өзінің жалпы белгілері, генетикалық және құрылымдық сипаттарының жиынтығына қарай текке бірігеді.

Зерттеуші С.Қасқабасов әлемдік және отандық ғалымдардың жанрға берген анықтамаларын келтіріп (В.Пропп, Л.Тимофеев, Н.Утехин, М.Бахтин, Ц.Тодоров, В.Виноградов, Қ.Жұмалиев, Б.Уахатов) дәйектеулер жасайды, олардың жанр терминіне қатысты тұжырымдарының айырым-ерекшеліктерін анықтайды. Ғалым фольклор мен жазба әдебиеттегі жанрға байланысты ерекшеліктерді ғылыми тұрғыда жүйелейді, кейбіріне ғалым тың ойлармен толықтырулар, түзетулер жасайды. Мәселен, фольклор жанрларына қатысты алғашқылардың бірі болып пікір айтқан Б.Уахатовтың «Қазақтың халық өлеңдері» монографиясындағы «жанр – белгілі бір қоғамдық қызмет атқаратын, соған лайықты мазмұны бар, қалыптасқан көркемдік форма» деген тұжырымындағы қызмет пен мазмұнға қатысты оқын құптай отырып, «жанрды қалыптасқан көркемдік форма деген сөз де – қазақ фольклортануы үшін тың пікір. Алайда, біздің ойымызша, жанрды көркем форма дегеннен гөрі өмірді, оқиғаны бейнелеу тәсілі деген дұрыс. Себебі фольклордың барлық жанры бірдей көркем емес; екіншіден, форма ұғымы көп мағыналы, оған тәсіл де, құрылыс та, тіл де кіреді», - деп толыққанды пікір ұсынады [1,14]. Зерттеуші әдебиеттану мен фольклордағы жанр түрлеріне тең саралау жасай отырып, екі өнер түріндегі өз табиғатына тән ерекшеліктерді нақты, дәйектеп отырады: «... бір айтатын нәрсе – қазақ фольклортануында әдебиеттану ғылымының терминдері

пайдаланатындығы. Түптеп келгенде, бұл заңды да, өйткені фольклор да әдебиет сияқты сөз өнеріне жатады. Сонымен қатар фольклорды әдебиеттен ерекшелендіріп тұратын өзіндік қасиеттері бар. Олай болса, фольклорды зерттегенде осы қасиеттері еске алыну керек, оған әдебиеттанудың терминдері мен әдеби ұғымдар тектен-текке телінбеуі тиіс» [1,16].

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарындағы әлем әдебиеттануында жанрлардың шекарасы жойыла бастауы байқалған. Жазушылар қатаң жанрлық құрылымды бірте-бірте аздау сақтап, эпос, лирика, драмадағы иілгіш “синтетикалық формаларды” қолданды да, оларды белгілі бір дәстүрлі жанрға жатқызу қиынға түсті. Одан кейін ғылыми айналысқа Бахтин ұсынған канондық концепциясы енді. Онда әлемдік тарихтың жаңа дәуірінде туған жалғыз жанр деп роман аталды. Зерттеуші: «романның салтанат құрған дәуірінде басқа жанрлар да әр түрлі дәрежеде «романданады», драма, поэма, тіпті лирика да романға ұқсап кетеді», - дейді.

Әдеби жанрлар (мазмұндық, мағыналық қасиеттерімен қатар) құрылымдық та қасиеттер иеленеді. Неғұрлым ертерек сатыда (классицизм дәуіріне дейін) жанрлардың формалды аспектілері басыңқы сипатқа ие болды. Жанрды жасайтын бастау алдымен өлеңдік өлшемдер (метрлер), строфалық ұйымдастыру («қатты формалар» деп аталады) және тілдік конструкциялар мен құрылым принципі болды. Әрбір жанрға көркемдік құралдардың кешені қатаң бекітілді. Дәстүрлі жанрлар болашақ белгілі бір қалыпқа түсе отырып, бір-бірінен оқшау, бөлек өмір сүреді. Олардың арасындағы шекара аса нақты. Мұндай жанрлық құрылым канон деп аталды. Олар белгілі бір нормалар мен ережелерге бағынып, өзінің автор үшін міндетті дәстүрлерін жасайды. Жанр каноны «бұл жанрлық белгілердің тұрақты және берік жүйесі».

«Канон» сөзі (грек тілінде канон – ереже) көне грек мүсіншісі Поликлет (б.д.д. V ғ.) трактатының атауын құрайды. Мұнда канон қандай да бір нормаларды толық жүзеге асыратын үлгі болып танылады. Өнердің канондығы (оның ішінде сөз өнері де) суреткерді белгілі бір үлгіге жақындатып, қандай да бір ережеге бағдар жасауға бейімдейді.

Жанрлық нормалар мен ережелер (канонды) алғашында стихиялы түрде, халық дәстүрі мен наным-ғұрып негізінде қалыптасты. «Дәстүрлі фольклорда да, көне әдебиетте де жанрлық құрылымдар әдеби емес ситуациялардан алыс кетпей, жанрлық заңдылықтар ғұрыптық және тұрмыстық ережелермен бірігіп кетеді». Мәселен, ертегілер, аңыздар мен эпостық жырлар белгілі бір қалыптасқан құрылымда, мазмұнда туды. Олардың басталуы мен аяқталуы ұқсас әрі тұрақты болды. Дәстүрлі жанрлардың канондардан ажырауы жанр проблемасында теориялық рефлексия тудырды. Енді жанрлардың арасындағы сабақтастық өрістеді. Сөйтіп, әдеби жанр әдеби туындының орныққан түрі болып табылды. Жанр дәуір жылжыған сайын жаңаша сипатқа ие болып отырады. Қандай да жанрға өміршеңдік тән. Әрбір әдеби дәуірлерге, бағыт-ағымдарға белгілі бір үлкенді-кішілі жанрлар тән болып келеді. Мысалы: классицизм кезінде трагедия, комедия, ода, эпикалық поэма алдыңғы кезекке шықты; романтизм дәуірінде лирикалық поэма, драма, элегия, баллада,

психологиялық және тарихи роман өрістеді. Туындының басымдық сипатына қарай, яғни, диалогтік әрекет-драма, баяндау-эпика, сезім мен көңіл-күй-лирика болады. Текке бөлу әдеби жүйелеудің алғашқы жанрлық белгілер, олардың сипаты әдеби процесте өзгермелі, олар жанрлық теорияларда алмасып отырады.

Зерттеуші С.Қасқабасов әдебиеттануда орнығып қалған қағидалардың өзіне жаңа реңк үстеп, мән-маңызын тереңдетеді. Мәселен, «жанрға байланысты «баяндау тәсілі» («способ изложения»), «бейнелеу әдісі» («способ изображения»), «хабарлау амалы» («способ передачи») сияқты ұғымдар қолданылады. «... жанрды анықтау үшін біз осы күнге шейін шығарманың өз ішінен, табиғатынан шықпай оған сырттан келіп жүріппіз. Дұрысы – шығармадағы оқиғаның «баяндалу тәсілі», «бейнелену әдісі» болу керек қой. Олай болса, жанр дегеніміз – шығармадағы сюжеттің баяндалу, бейнелену, өрілу тәсілдері» [1,17]. Бұл әсіресе, фольклорлық шығармада айқын көрінеді. Шындығында да сюжет – оқиға болса, ол баяндалады, бейнеленеді. Осы айтылғандарды зерттеуші фольклорға қатыстылығы тұсынан әрі қарай тереңдетіп, фольклорлық шығармалардың ауызша туып, таралуын, орындалу ерекшелігін ашып, «фольклорда қара сөз (проза), өлең (стих), сөйлесу (диалог) деген үш үлкен тектің бар екенін айтады. Ғалым жанрдың тарихи категория ретінде өзгеріп, жетіліп отыратынын, олар біршама тұрақты бола отырып, пішіні мен мазмұнын өзгертетінін айтып, бұған мысал ретінде «жар-жарды» алады.

Орыс фольклортанушысы В.П.Аникин жанрдың аса кең ұғым екенін, оның арасындағы айырым-ұқсастықты ажыратудың қиындығы ондағы шығармалардың ұқсас сипаттарының жиынтығын көрсетуден емес, шығармалар қандай белгілеріне байланысты топтастырылатындығы мен туындының жанрқұрушылық және жанрлық емес сипаттарын ажыратуда екендігін атап: «жанр возникает и оформляется как тип внутренней образно-структурной и композиционно-поэтической организации» дейді [2,97]. Академик С.Қасқабасов: «Жанр дегеніміз – оқиғаны, сюжеттік материалды белгілі бір мақсатпен тұтас мазмұнды, айқын идеялы шығармаға айналдырудың әдісі, жолы, құралы» дейді [1,21]. Осы тұжырымына дәлел ретінде ғалым бір сюжеттің әр түрлі жанрдағы шығармаларға арқау болуын келтіреді.

Жанрға байланысты «мазмұндық форма» ұғымы бар. Жанрды қарастыру әдеби шығарманың құрылымына, формасына байланысты болады. Бұл жөнінде орыстың формашыл мектебінің өкілдері айтқан. Мәселен, Б.В.Томашевский жанрды «өзіндік топтық қабылдауы» бар тұрақтылығы сақталған, дәстүрге берік, өзара байланысты деп таниды. Формализм мектебінің дәстүрін басшылыққа ала отырып, сонымен бірге ғалымдар жанрдың мағыналық жағына ерекше назар аударып, «жанрлық мағына» деген терминді қолданды. Бұл саладағы алғашқы тұжырым М.М.Бахтиннің есімімен байланысты. Ғалым жанрлық форма шығарманың тақырыбы және оның авторының дүниетанымымен берік бірлікте дейді. Зерттеуші С.Қасқабасов бір сюжеттің әр түрлі жанрда әр түрлі шығарма беріп, бұл шығармалардың көркемдік сипатын, эмоциялық күш-қуатын анықтайтынын айта отырып, көркем шығармашылықтағы бұл құбылысты кезінде академик В.Виноградовтың айқындағанын айтады. Ғалым С.Қасқабасов

әдебиеттануда сюжетке берілген анықтамалардың әр түрлілігін (характерді ашудың тәсілі; тіл, характер, қимыл бірлігі; баяндаудың түрі) айта келе: «Фольклорлық сюжет дегеніміз – фольклорлық шығарманың негізгі оқиғалық қаңқасы, өзегі. Ол шығармадан бұрын пайда болып, одан тыс өмір сүре алады. Кез келген оқиға сюжет бола бермейді. Сюжет болу үшін оқиға бірден-бірге тарап, фольклорлық сипат алуы тиіс. Сөйтіп тұрақталған сюжетке, одан кейін шығармаға айналады» [1,23]. Ғалым жанр табиғатына байланысты зерттеулерін әрі қарай фольклор жанрларының функциясы және жүйесі, халық прозасы мен ертегілердің ішкі жанрлары саласында жалғастырып, фольклор жанрларына қатысты ғылыми-әдіснамалық жағынан тың тұжырымдар орнықтырады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.
2. Аникин В.П. Теория фольклора. Курс лекций. – Москва: КДУ, 2007. – 432 с.

### **АКАДЕМИК С. ҚАСҚАБАСОВ ЖӘНЕ 1960-1980 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРИСТИКАСЫ**

*Сағымбай ЖҰМАҒҰЛ*, Л.Н. Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры,  
филология ғылымдарының докторы, Астана, Қазақстан

Ұлт әдебиетінің тарихи бастауларын ежелгі дәуір мұраларымен сабақтастықта зерттеу бағытындағы келелі істердің рухани түлеудегі кемел маңызы филология ғылымы, соның ішінде қазақ фольклористикасының озық әдістерді ұстанып, кешенді зерттеулер жүргізу барысында соны сипатқа ие бола бастады. Соның ішінде қазақ әдебиеті тарихы I томының бірінші (1960), екінші кітаптары (1964) мен қазақ фольклоры тарихының орыс тіліндегі басылымдарында (1968) халық ауыз әдебиеті жанрларының жүйелі талдануы мен фольклор туралы ғылымның даму тарихының саралануы қазақ фольклористикасының өркендеуіндегі айтулы белесті айқын танытады. Мұның бәрі халық мұрасының дәстүрлі жанрлары мен олардың кейінгі көркемдік ұласудағы сабақтастығын байыпты зерделеуге, шын мәніндегі халықтық сипатының ел өмірінің тарихымен тамырласып жатқан болмыс-бітімімен тығыз байланыстағы тұтастығын тануға мүмкіндік берді әрі осы бағыттағы ізденістердің өрісін айқындады. Ең бастысы аталған еңбектерде қазақ фольклоры туралы ғылымның тарихы мен даму жолдары ғылыми тұрғыдан жүйеленді. «Мұнда әрбір жанр жеке қаралып, олардың шығу және тарихи даму жолдары белгіленді, жанрлық және поэтикалық ерекшеліктері ашылды» (1, 269).

1969 жылы 27-30 қазан аралығында М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты өткізген ғылыми-шығармашылық конференцияда талқыға салынған мәселелер, соның барысында қабылдаған ұсыныстардың да фольклортануда маңызы зор. Ұсыныста фольклорлық мұраның халықтығы мен